

# БАЛАЛАР ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ КОСПЛЕЙ ФЕСТИВАЛІ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

## 1. Жалпы ереже

1.1. Бұдан әрі «Фестиваль» деп аталатын Косплей фестивалі-анимациялық фильмдерге, телехикаяларға, комикстерге, фентези кітаптарға, компьютерлік ойындарға, би музыкасына, әдебиетке, кинематографқа және т.б. құмар балалар мен жасөспірімдерді біріктіретін ашық әдеби фестиваль.

*Косплей - «костюм ойыны», сүйікті кейіпкерді ойнау, оның киімін, сыртқы түрін, мінез-құлқын және т.б. дәлме-дәл көшіру.*

1.2. Фестивальдің ұйымдастырушысы: «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ.

1.3. Фестивальдің өтетін орны: «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ.

1.4. Фестивальдің өтетін күні: **9 желтоқсан, сағат 17.00-ден 19.00-ге дейін.**

1.5. Қатысушылардың жасы 7 жастан 15 жасқа дейін. 7 жасқа толмаған балалар фестивальге ересектердің бақылауымен көрермен ретінде қатыса алады.

## 2. Фестивальдің мақсаттары мен міндеттері:

2.1. Фестивальдің негізгі мақсаты - балалар мен жасөспірімдер арасында оқуды насихаттау, материалды стандартты емес түрде беру арқылы отбасылық оқуды насихаттау; әдеби шығармалар, кинофильмдер, мультфильмдер негізінде театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру арқылы балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу;

2.2. Балалар мен жасөспірімдерді қызығушылықтары мен хоббилері бойынша біріктіру; балалар мен ересектер арасындағы кездесу, қарым-қатынас, тәжірибе алмасу мүмкіндігі; шығармашылық балаларды өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға арналған алаң ұсыну;

## 3. Фестиваль бағдарламасы:

3.1. Фестивальдің бағдарламасы мен шарттарын ұйымдастырушы және ұйымдастырушы құрған ұйымдастыру комитеті бекітеді.

3.2. Фестиваль бағдарламасында:

- **Косплей дефилесі** - бұл 40 секундқа дейінгі уақытта қызыл кілемде бірнеше статикалық кейіпте кейіпкерлердің костюмдік демонстрациясы;
- **Әдеби образдың театрландырылған қойылымы:** кез-келген өнер жанрындағы образдың максималды ашылуы. 2 минутқа дейін жеке өнер көрсету, ал отбасылық - 3 минутқа дейін болады;
- **Әдеби викторина;**
- **Косплей дискотекасы.**

## 4. Фестивальге қатысу:

4.1. Белгіленген мерзімде өтінім берген кез келген адам фестивальге қатыса алады.

4.2. Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2022 жылғы 14 қарашадан 5 желтоқсанға дейін

#### **5. Фестивальге қатысу шарттары:**

5.1. Фестиваль аумағында декорацияларды, реквизиттерді, костюмдердің бөлшектерін және басқаларын жасауға және бояуға тыйым салынады

5.2 Бөгде адамның мүлкін, оның ішінде фестиваль өткізілетін үй-жайларды бүлдіруге тыйым салынады.

#### **6. Фестиваль қатысушыларын көтермелеу тәртібі:**

6.1. Фестиваль жеңімпаздары көрермендердің дауыс беруімен таңдалған қатысушылар болып саналады.

6.2. Ұйымдастыру комитеті мен ұйымдастырушылар қатысушыларды өз қалауы бойынша марапаттау құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Бір қатысушы тек бір номинацияға ие бола алады.

#### **Жұлделі номинациялар:**

➤ Үздік көркем бейне (образды дәлме-дәл жеткізу, костюмнің өзін көрсету және оның өзіндік ерекшелігі);

➤ Үздік балалар косплейі (7-10 жас аралығындағы балалар);

➤ Үздік отбасылық косплей (бір тақырыпты біріктірген костюмдер киген ата-аналар мен олардың 15 жасқа дейінгі балалары);

➤ Үздік MAKEUP – бет әлпеті образы;

➤ Original – косплей (қатысушының өзі ойлап тапқан образ, өз қолымен жасалған костюм).

Өтінімдер [odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru) электрондық поштасына қабылданады. Барлық сұрақтар бойынша +7(7212) 41-23-25 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

Фестивальге қатысуға өтінім:

Қатысушының Т.А.Ә.	
Қатысу нысаны: жеке, отбасылық	
Жасы, айналысатын кәсібі (оқу орны, жұмыс орны және т. б.)	
Образдың атауы	
Байланыс деректері (телефон, e-mail)	